

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ

Бекітемін
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға
арналған музыкалық мектеп-интернат»
Кешені» ММ-нің басшысы
С.Қ. Сыздықов
2018 ж. « 14 » 09



**«Эстрадалық аспаптар» білім
беру бағдарламасының сапасын
қамтамасыз ету
саясаты**

Павлодар 2018

«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ жаңа білім беру және ақпараттық технологияларға бағытталған, заманауи материалдық-техникалық ресурстармен, рухани және ғылыми мұрасы бай жоғары білікті кадрлары бар, қарқынды дамып келе жатқан оқу орны.

"Эстрадалық аспаптар" білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты Кешеннің білім беру сапасының саясатына сәйкес келеді, ол өз кезегінде білім беру саласындағы ұлттық саясатқа, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тұжырымдаған Білім және ғылым мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келетін Кешен саясатына сәйкес келеді,

сапаны қамтамасыз ету қағидаларын қоса алғанда, білім беру мен оқытуға қатысты Кешеннің жалпы пайымын **қамтиды,**

Білім беру саласындағы Кешен стратегиясына жәрдемдеседі және білім беру саласындағы күш-жігерге ықпал етуге, білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етуге және одан әрі дамытуға **жәрдемдеседі.**

Сапаны қамтамасыз ету саясаты

Кешеннің Бағдарына, Стратегиялық мақсаттары мен Миссияларына сәйкес келеді

«Эстрадалық аспаптар» білім беру бағдарламасының бағдары

Кәсіби эстрадалық мәдениет саласындағы инновациялық, креативтілік, оқытудың бәсекеге қабілетті нәтижесін бере білу арқылы тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін болашақ эстрадалық музыка мамандарын кәсіби даярлаудың өңделген жүйесі бар жаңғыртушы білім беру бағдарламасына айналу

«Эстрадалық аспаптар» білім беру бағдарламасының стратегиялық мақсаты

Техникалық және кәсіби білім беру стандарттарына сәйкес эстрада-джаз музыка саласында кәсіби білім алу үшін қажетті жағдай жасау, білім беру қызметін сапалы жасау. Эстрада-джаз мәдениеті мен өнер саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға көмектесетін, базалық және кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру және дамыту.

«Эстрадалық аспаптар» білім беру бағдарламасының миссиясы

Өзінің кәсіби және зияткерлік әлеуетін өмір бойы дербес арттыруға қабілетті, патриот-азамат қасиеті бар, әлеуметтік белсенділікке ие жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті, ұлттық және халықаралық деңгейлерде талап етілетін маманды қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Құндылықтар

Білім	Патриотизм
Руханият	Академиялық адалдық
Кәсіпқойлық	Инновациялылық
Бәсекеге қабілеттілік	Креативтілік

Сапаны қамтамасыз ету қағидалары

1. Сапаны қамтамасыз ету және оны құжаттаудың жалпы жауапкершілігі «Эстрадалық аспаптар» білім беру бағдарламасының басшысына жүктеледі және оқытушылар мен студенттердің ынтымақтастығында орындалады.

2. Білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз ету саясаты сапаны қамтамасыз ету және білім беру бағдарламасын дамытудың негізгі өкілдері болатын барлық қатысушылардың белсенділігі кезінде іске асады.

3. Білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз етілуінің дамытуда өз оқытушыларының кәсібилігіне, диалогқа және өзара білім алмасуға негізделеді. Сапаны қамтамасыз ету джаз мәдениетінің білім беру саласындағы барлық шеңбер аясында жүйелі және тұрақты сапаны дамытуды қолдайды.

4. Сыртқы мүдделі тараптар тұрақты негізде үрдіске қатысады және сапаны қамтамасыз етуді бағалау мен дамытудың бір бөлігі болып табылады.

5. Сапаны табысты қамтамасыз ету үшін нақты міндеттерді айқын міндеттерді бөлу негізінде енгізу.

6. Сапа жүйесі білім беру бағдарламасы қызметінің оқу, концерттік, ғылыми – зерттеу, әдістемелік - барлық бағыттарын қамтиды. Сапа жүйесі мобильді, оқытушылар, студенттер, ата-аналар үшін ашық.

7. Саясатты іске асыру ресурстары болып колледж мамандары, оқу-материалдық база, оқу-әдістемелік тәжірибе, тәрбие жұмысының дәстүрлері саналады.

«Эстрадалық аспаптар» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары

1. Республикалық және халықаралық деңгейлерде эстрада-джаздық музыка саласындағы мәдениет пен өнер қажеттіліктерін қанағаттандыра, оның қатысушыларының да бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасының мәртебесін арттыру.

2. Осы мамандық қызметінің саласын қамтитын еңбек нарығының сұранысын есепке ала отырып, білім беру бағдарламасының спектрін кеңейту: әртүрлі аспаптарға оқыту арқылы оқытудың басқа да түрлерін қолданып, мәдениет және өнер ұйымдарымен ынтымақтаса отырып, педагогикалық, орындаушылық, тәжірибелік.

3. Жаңа инновациялық, ақпараттық – компьютерлік технологияларды іске асырып және оларды білім беру үрдісінде қолданып, білім берудегі мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес сапалардың сәйкестігін қамтамасыз етіп, білім беру бағдарламасының қызметін және оның қатысушыларын жетілдіру.

4. Білім беру қызметін көрсету үдерісінде оқу үрдісін жоспарлауда (музыкалық орындаушылық, музыкалық педагогика, ұжымдарға жетекшілік ету, ағартушылық) және өз мамандығы саласында, өз біліктілігіне сәйкес тәжірибесін негізге ала отырып, кәсіби қызметіндегі нысанын қамтып, кәсіби қызмет саласын кең пайдалануға назар аудару.

5. Білім алушының тұлғалық потенциалын толық ашуға, оның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жетілдіруіне, дарынды жастарды дамытуды қолдауға көмектесетін мәдени-шығармашылық тәрбиелік орта жасау.

6. Орындаушылық шеберлік деңгейін арттыруға, әртүрлі бағыттағы және жанрлардағы музыканы танымал етуге, педагогикалық шеберлікті арттыруға бағытталған білім беру бағдарламасы қатысушыларының белсенді концерттік – ағартушылық, лекторлық, конкурстық қызметі.

7. Педагогтардың әрекеттегі өзін-өзі жетілдіруді меңгеруге және одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ оқу ұйымына жаңа қағидаларды, тиімді түрлер мен әдістерді әзірлеу мен енгізуге, білім беру сапасын қамтамасыз ететін педагогтың кәсіби мәртебесін арттыруға бағытталған ғылыми-зерттеу, әдістемелік жұмыстарды дамыту.

8. Білім беру сапасын қамтамасыз ететін саясатты іске асыруға кепілдік беретін материалдық-техникалық базаны дамыту.

9. Білім беру сапа саясатының бағыттарын жұмыста және оқуда орындауға мүмкіндік беретін, білім беру бағдарламасының педагогтары мен студенттеріне арналған қолайлы жағдай жасау.

«Эстрадалық аспаптар» білім беру бағдарламасының басшысы келесі міндеттемелерді орындауды мойнына алады:

- осы саясатты білім беру бағдарламасының барлық оқытушылары мен студенттері назарына жеткізу және оны білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының түсінуін қамтамасыз ету;

- білім беру үрдісіне қатысушылардың осы Саясатты және оның негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;
- саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;
- оқытушыларды құзыреттілігін үздіксіз арттыру, мотивация, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке тартуды қамтамасыз ету;
- білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

«Эстрадалық аспаптар» бөлімінің отырысында қаралды
2018 ж. 14.09. № 2 Хаттама